

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

«БЕКІТІЛГЕН»

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті» КЕАК
Басқарманың шешімімен

Хаттама № 8



2024 ж.

проф. Н.О. Дулатбеков

«БЕКІТІЛГЕН»

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті» КЕАК
Директорлар кеңесінің шешімімен

Хаттама № 5



« 21 » 06

2024 ж.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

7M04205.1-Жеке құқық

Деңгейі: Магистратура


Қарағанды қ.
2024

КЕЛІСІМ ПАРАҒЫ

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ «7M04205.1-Жеке құқық»

«КЕЛІСІЛДІ»

Қарағанды облысының кәмелетке
толмағандардың істері жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы

 Мутубаева Д.М.

2024 ж. « 22 » 04

«КЕЛІСІЛДІ»

Қарағанды облысы Кәсіпкерлер Палатасы
директорының орынбасары

 Аскаров А.Т.

2024 ж. « 22 » 04

«7М04205.1 –Жеке құқық» білім беру бағдарламасы негізінде әзірленген:

- ✓ «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасының Заңы (2024.01.01. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
- ✓ «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы (2023.11.08. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)
- ✓ Әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі Республикалық үшжақты комиссияның 2016 жылғы 16 наурыздағы ҰБШ
- ✓ «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығы (2023.12.08. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)
- ✓ Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығына 2-қосымша) (2023.06.03. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
- ✓ Кәсіби стандарт: «Атамекен» Қазақстан Республикасы ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасы орынбасарының 2019 жылғы 24 желтоқсандағы бұйрығымен бекітілген «Инновациялық жобаны қамтамасыз ету» № 259

№	Білім беру бағдарламасының төлқұжаты	Беттер
1	Білім беру бағдарламасының коды және атауы	4
2	Білім беру саласының, даярлау бағыттарының коды және жіктелуі	4
3	Білім беру бағдарламасының тобы	4
4	Кредиттер көлемі	4
5	Оқу нысаны	4
6	Оқу тілі	4
7	Берілетін дәреже	4
8	БББ түрі	4
9	БЖХС бойынша деңгей	4
10	ҰБШ бойынша деңгей	4
11	СБШ бойынша деңгей	4
12	БББ ерекшелігі	4
	ЖОО-партнер (СОП)	4
	ЖОО-партнер (ДДОП)	4
13	Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі	4
14	Аккредиттеу органының атауы және аккредиттеудің қолданылу мерзімі	4
15	БББ мақсаты	4
16	Түлектің біліктілік сипаттамасы	4
а)	Түлектің лауазымдар тізбесі	4
б)	Түлектің кәсіби саласы мен объектілері	5
в)	Түлектің кәсіби қызмет түрлері	5
г)	Түлектің кәсіби қызмет функциялары	5
17	Құзыреттіліктер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау	6
18	Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау	7
19	Оқу нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы	8
20	Модуль шеңберінде оқыту және бағалау әдістерімен жоспарланған оқыту нәтижелерін келісу	11
21	Оқу нәтижелерінің қолжетімділігін бағалау критерийлері	19
22	Түлек моделі	22

Білім беру бағдарламасының төлқұжаты

1. Білім беру бағдарламасының коды және атауы: «7М04205 – Жеке құқық» БББ
2. Білім беру саласының, даярлау бағыттарының коды және жіктелуі: 7М04 - Бизнес, басқару және құқық
3. Білім беру бағдарламасының тобы: Құқық
4. Кредиттер көлемі: 120 ECTS
5. Оқу нысаны: күндізгі
6. Оқыту тілі: қазақша
7. Берілетін дәреже: «7М04205– Жеке құқық» БББ бойынша магистратура
8. БББ түрі: жаңа
9. БЖХС бойынша деңгей (Білім берудің халықаралық стандартты жіктемесі) – 7 деңгей;
10. ҰБШ бойынша деңгей (Ұлттық біліктілік шеңбері) – 7 деңгей;
11. СБШ бойынша деңгей (Салалық біліктілік шеңбері) – 7 деңгей.
12. БББ ерекшелігі: -
13. Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі: KZ83LAA00018495 № 016 қосымша 28.07.2020 ж.
14. Аккредиттеу органының атауы және аккредиттеудің қолданылу мерзімі: -
15. БББ мақсаты: Цивилистика ғылымының теориялық негіздерін және құқық қолдану тәжірибесінің мәселелерін тереңдете зерделеу негізінде тең субъектілер арасындағы мүліктік және жеке мүліктік емес қатынастарды реттейтін жеке құқық саласында теориялық және тәжірибелік білімдерінің жоғары деңгейі бар, қажетті кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру үшін осы білімді кейіннен тәжірибелік қызметте, жеке құқық саласындағы ғылыми-зерттеу қызметінде, сондай-ақ құқықтану саласындағы педагогикалық қызметте табысты қолдану үшін магистрлерді даярлау.
16. «7М04205– Жеке құқық» БББ бойынша түлектің біліктілік сипаттамасы
 - а) түлек лауазымдарының тізбесі:
 - коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдардың, заңды тұлғалар корпорациясының заңгері;
 - мемлекеттік құрылымдарда құқық департаментінің (бөлімінің) заңгері;
 - заңды тұлғалардың заң бөлімінің басшысы;
 - коммерциялық заңды тұлғаның басшысы;
 - өкіл (адвокат);
 - нотариус;
 - судья;
 - прокурор (жалпы қадағалау);
 - төреші;
 - медиатор;
 - зияткерлік меншік, Авторлық құқық жөніндегі заңгер;
 - жеке сот орындаушысы;
 - ғылыми қызметкер, ғылыми-зерттеу институттарындағы жетекші маман;
 - ЖОО-да заң факультеттерінің оқытушысы, аға оқытушысы.

б) «7М04205-Жеке құқық» БББ түлегінің кәсіптік қызмет саласы мен объектілері: Кәсіби қызмет саласы бизнес саласында мемлекеттің, заңды және жеке тұлғалардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау, қамтамасыз ету, сақтау кепілдігі болып табылады. Түлектердің кәсіби қызметінің объектілері:

- коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдар;
- заңды тұлғалардың корпорациялары;
- сот, прокуратура;
- нотариат, адвокатура, төрелік;
- құқық қорғау органдары;
- ғылыми-зерттеу институттары,
- орта кәсіптік және жоғары оқу орындары

в) «7М04205–Жеке құқық» БББ кәсіптік қызмет түрлері:

- а) құқықшығармашылық;
- б) құқық қолдану;
- в) құқық қорғау;
- г) сараптамалық-консультациялық;
- д) ғылыми-зерттеу.
- е) заңгерлік білім беру саласындағы педагогикалық қызмет.

г) «7М04205–Жеке құқық» БББ кәсіптік қызмет функциялары: Жоғары оқу орындарындағы ғылыми және оқытушылық қызмет мамандары, коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдардағы, заңды тұлғалар корпорацияларындағы заң кеңесшісі, судьялар мен соттардағы, прокуратурадағы (жалпы қадағалау) мамандар, жеке сот орындаушылары, нотариус және нотариустың көмекшілері, адвокат.

Түлек кәсіби қызмет түрлеріне сәйкес келесі кәсіби міндеттерді шешуге дайын болуы керек:

а) құқық шығармашылығы қызметі:

- нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу;
- құқық нормаларын түсіндіру;

б) құқық қолдану қызметі:

- шаруашылық жүргізуші субъектілердің құрылтай және жергілікті құжаттарының жобаларын, азаматтық құқықтар мен мүдделерді қорғау саласындағы шарттар мен іс жүргізу құжаттарының жобаларын дайындау;

- лауазымдық міндеттер шегінде шешімдерді негіздеу және қабылдау, құқықтарды қорғау, сондай-ақ құқықтық нормаларды іске асыруға байланысты іс-әрекеттер жасау;

- кінә қою-талап қою қызметі;

в) құқық қорғау қызметі:

- Заңдылықты, құқықтық тәртіпті, жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің мүлдіктік және жеке мүлдіктік емес құқықтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

- жеке, мемлекеттік және өзге де меншік нысандарын қорғау;
- құқық бұзушылықтардың алдын алу, жолын кесу, анықтау және тергеу;
- азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау;

з) корпоративтік-басқарушылық қызмет:

д) сараптамалық-кеңестік қызмет:

- заң көмегін көрсету, құқық мәселелері бойынша кеңес беру;
- нормативтік құқықтық актілер мен шарттардың құқықтық сараптамасын жүзеге асыру;

е) ғылыми-зерттеу қызметі:

- жеке құқық теориясы мен тәжірибесінің жекелеген мәселелерін ғылыми зерттеуді жүзеге асыру;
- құқық нормаларын доктриналық түсіндіру;
- азаматтық құқық ғылымының өзекті мәселелерін зерттеу.

ж) заң білімі саласындағы педагогикалық қызмет:

- заң пәндерін оқыту;
- заң мамандықтары бойынша оқу-әдістемелік бағдарламалар әзірлеу және жасау.

Олардың негізгі міндеттері:

- заң жобаларын, заңға тәуелді нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеу;
- шарт жобасын әзірлеу, азаматтық-құқықтық шарт мазмұнына сараптама жүргізу;
- клиенттерге құқықтық мәселелер бойынша кеңес беру;
- наразылық-талап-арыз жұмысы;
- корпоративтік-басқарушылық жұмыс;
- сотта өкілдік ету;
- компанияның заңнамалық нормаларды сақтауын тексеру;
- мемлекеттік органдармен, ҚР соттарында және басқа да құқық қорғау органдарында өзара іс-қимыл кезінде кәсіпорынның өкілдігі;
- сот актілерін орындау;
- азаматтық-құқықтық дауларды реттеу бойынша медитативтік, төрелік қызмет;
- жеке құқықтың өзекті мәселелері бойынша ғылыми зерттеу жүргізу бойынша ғылыми қызмет;
- ЖОО-да оқытушылық қызмет.

Осы кәсіби топтың өкілдері заң бөлімдеріне, жобаларға және компанияларға басшылық жасай алады.

17. Құзыреттіліктер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау

Құзыреттілік түрлері	Оқу нәтижесінің коды	Оқу нәтижесі (Блум таксономиясы бойынша)
1. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер (Softskills)	ОЖ 1	Даулы жағдайда ақыл-ой мен шығармашылық ойлауын көрсетеді, топ мүшелерімен ынтымақтастық орнатады, клиентке бағытталған іскерлікке, байланысқа бейімді болады.
	ОЖ 2	Кәсіби және ғылыми қызмет саласында шет тілін білуін көрсетеді, жоғары белгісіздік және міндеттер жағдайларын жылдам өзгерту режиміндегі жұмысты көрсетеді.
	ОЖ 3	Жүйелі ойлау арқылы мәселелерді анықтайды және оларды шешудің жолдарын табады, тұтынушылардың сұраныстарымен жұмыс жасауда дауларды шешудің нұсқаларын түсіндіреді және ұсынады.
	ОЖ 4	Білім берудің әртүрлі деңгейлеріндегі білім беру процесінің ерекшеліктерін анықтайды, педагогиканың өзекті бағыттары бойынша жаңа ғылыми жобалардың құрылымы мен мазмұнын әзірлейді, замануи қоғамның даму тенденцияларын талдау үшін әртүрлі философиялық әдістерді таңдайды.
2. Сандық құзыреттіліктер (Digitalskills)	ОЖ 5	Деректерді, ақпаратты және сандық контентті талдайды, түсіндіреді және сыни бағалайды.
3. Кәсіби Құзыреттіліктер (Hardskills)	ОЖ 6	Жеке құқық саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу кезінде цивилистика ғылымының негіздері және құқық қолдану тәжірибесінің мәселелері туралы теориялық білімді қолданады.
	ОЖ 7	Әр түрлі теориялық тұжырымдамаларды, нормативтік-құқықтық актілерді, жеке құқық саласындағы сот тәжірибесін талдайды, жинайды, салыстырады және қорытынды жасайды.
	ОЖ 8	Азаматтық-құқықтық шарттарға сараптама әзірлейді және жүргізеді, азаматтық-құқықтық қатынастар саласындағы құқықтық мәселелер бойынша кәсіби кеңес береді, нақты азаматтық істер бойынша ауызша және жазбаша білікті заң қорытындылар мен кеңестер береді.
	ОЖ 9	Авторлық құқықты, патенттік құқықты қорғау саласында интеллектуалдық меншік саласындағы теориялық білімді қолданады және ғылыми қызмет нәтижелерін ойдағыдай коммерциаландырады.
	ОЖ 10	Азаматтық сот ісін жүргізуде азаматтық істердің жекелеген санаттарын қарау кезінде материалдық және іс жүргізу құқығының нормаларын білікті қолданады, татуластыру рәсімдері арқылы тараптардың татуласуын ұсынады.
	ОЖ 11	Нақты құқықтық нормаларды іске асыру процесінде құқықтық нормалардың мәнін кәсіби түрде түсіндіреді, оқу сабақтарын өткізеді, ғылыми қызметті жүзеге асыру процесінде құқықтық нормаларға түсінік береді, ғылыми таным нәтижелерін қорытындылайды.

18. Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау

Оқыту нәтижесінің коды	Модульдің атауы	Пәндер атауы	Көлемі (ECTS)
ОН4	Әлеуметтік-гуманитарлық білімнің философиялық және тарихи аспектілері	Ғылым тарихы мен философиясы	4
ОН4		Жоғары мектептің педагогикасы	4
ОН1, ОН3		Басқару психологиясы	4
ОН1, ОН4, ОН5		Педагогикалық практика	4
ОН2	Кәсіби тілдер	Шет тілі (кәсіби)	4
ОН2, ОН5		Құқықтағы кәсіби шетелдік терминология Құқықтағы заңдық техника	5
ОН1, ОН6, ОН7	Азаматтық құқықтың өзекті мәселелері және инновацияларды қамтамасыз ету	Азаматтық заңнаманы қолдану теориясы мен тәжірибесі Халықаралық жеке құқықтың өзекті мәселелері	5
ОН1, ОН5, ОН9		Ғылыми және ғылыми-техникалық қызметтің нәтижелерін коммерциализациялау Интеллектуалдық меншік құқығы: теория және тәжірибе	5
ОН3, ОН10, ОН11	Азаматтық субъектілерінің қорғау қатынастарының құқықтарын	Жеке құқықтық қатынастар субъектілері арасындағы татуластыру рәсімдері	4
ОН3, ОН7, ОН8		Қазақстан Республикасындағы отбасылық құқықтың даму тенденциялары	5
ОН3, ОН10, ОН11		Азаматтық істердің жекелеген санаттарын қараудың ерекшеліктері	5
ОН3, ОН6, ОН7	Азаматтық айналымның жекелеген салаларындағы жеке-құқықтық қатынастар субъектілеріне тиесілі құқықтарды жүзеге асыру тәртібі	Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік құқықтың даму тенденциялары Қазақстан Республикасының көлік құқығы	4
ОН3, ОН7, ОН8		Шарттық құқықтың өзекті мәселелері Қазақстан Республикасының отбасы заңнамасы бойынша баланың құқықтары: теория және тәжірибе мәселелері	5
ОН1, ОН7, ОН8		Жосықсыз бәсекелестікке қарсы күрестің құқықтық мәселелері Қазақстан Республикасындағы инвестициялық қызметті құқықтық реттеу	4
ОН1, ОН7, ОН8		Корпоративтік құқықтың өзекті мәселелері Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін құқықтық реттеу	4

ОН3, ОН7, ОН8		Қазақстан Республикасында кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау Қазақстан Республикасында тұтынушылардың құқықтарын қамтамасыз ету	4
ОН6, ОН7		Азаматтық-құқықтық пәндерді оқыту әдістемесі	4
		Жеке құқықты оқыту әдістемесі	
ОН3, ОН5, ОН6		Зерттеу тәжірибесі	14
ОН2, ОН4, ОН6	Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (МҒЗЖ)	Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (МҒЗЖ)	24
ОН2, ОН4, ОН7	Қорытынды аттестаттау	Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау	8

19. Оқу нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы

NN п/п	Пәндердің атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы (30-40 сөз)	Кредит саны	Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар)										
				ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8	ОН9	ОН10	ОН11
Базалық пәндер циклі / ЖОО компоненті														
D1	Ғылым тарихы мен философиясы	Ғылыми танымның дамуға бейімділігі мен өзгеріп отыратын әлеуметтік-мәдени бейінінің маңыздылығы туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Ғылымның философиясы, әдістемесі туралы, ғылым танымдық қызмет және дәстүр ретінде, әлеуметтік институт және қазіргі өркениеттегі мәдениеттің ерекше саласы ретінде сұрақтар қарастырылады.	4	+		+								
D2	Жоғары мектептің педагогикасы	Жоғары білімнің қазіргі парадигмасы және жоғары мектептегі ғылыми қызмет теориясы туралы түсінік қалыптастыру мақсатында зерттеледі. Педагогика, кәсіби шебер-мамандарды тәрбиелеу, білім беру ұйымдарында оқытудың кәсіби дағдылары, жоғары мектепте педагогикалық бақылау және білімді бағалау туралы сұрақтар қарастырылады.	4	+	+	+								
D3	Басқару психологиясы	Басқарушылық қызметтің психологиялық заңдылықтары, менеджер қызметінің құрылымында әлеуметтік-психологиялық білімді пайдалану ерекшеліктері, тиімді басқарудың негізінде жатқан әлеуметтік-психологиялық принциптерді талдау дағдылары, басқару психологиясының теориялық ережелері мен өзекті мәселелері; басқару психологиясының ерекшеліктері, басшының жеке ерекшеліктері туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады.	4	+		+								

	отбасы заңнамасы бойынша баланың құқықтары: теория және тәжірибе мәселелері	заңнамасы бойынша баланың құқықтарын құқықтық реттеу саласында теориялық білімді қалыптастыру, сондай-ақ баланың құқықтарын қорғау стратегиясын жүзеге асыруға байланысты дағдыларды тұжырымдау мақсатында зерделенеді.								
D7	Кәсіпкерлік қызметтегі кінә қою-талап қою қызметі	Сотқа дейінгі және сот рәсімдерін пайдалана отырып, кәсіпкерлік қызметтегі дауларды реттеу саласындағы ұйымдардың құқық қабілеттілігін іске асыруға мүмкіндік беретін талап-арыз жұмысы туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Азаматтық құқықтарды сот арқылы қорғауды реттеу саласындағы теория мен практика, заңнаманы дамыту сұрақтары қарастырылады.	5	+					+	+
	Азаматтық істердің жекелеген санаттарын қараудың ерекшеліктері	Әр түрлі салалар мен құқықтың қосалқы секторлары теориясының ережелерін талдауға негізделген азаматтық істердің жекелеген санаттарын қарау рәсімінің ерекшеліктері туралы білімді қалыптастыру, сондай-ақ азаматтық, тұрғын үй, отбасы, мұрагерлік, еңбек, әкімшілік, жер, экологиялық және басқа да заңнамалардың нормаларын қолдану дағдыларын дамыту мақсатында зерделенеді.	5	+					+	+
D8	Азаматтық істер бойынша сот актілерін орындау	Бұл пән білім алушыларда азаматтық істер бойынша сот актілерін орындауға қатысты мәселелер бойынша білімнің кешенді жүйесін қалыптастыру мақсатында зерделенеді. Атқарушылық іс жүргізудің ерекшеліктерін ескере отырып, атқарушылық іс жүргізу қағидаттарын, жекелеген шешімдердің, өзге де актілердің орындалу ерекшеліктерін, сот практикасын регламенттейтін нормативтік-құқықтық актілерді зерделеу қажет.	4						+	
	Нотариаттық қызметтің теориясы мен тәжірибесі	Бұл пән білім алушыларда нотариат қызметінің мәні, ұйымдық негіздері, нотариаттық іс-әрекеттер жасаудың жалпы ережелері туралы теориялық білімді қалыптастыру, жекелеген нотариаттық іс-әрекеттер жасау тәртібін зерделеу, кәсіби қызмет саласындағы нотариат туралы заңнаманы қолдану үрдістері мен тәжірибесін анықтау мақсатында зерделенеді.					+			

D7	Азаматтық заңнаманы қолдану теориясы мен тәжірибесі	Мүліктік және жеке мүліктік емес қатынастарды реттейтін құқық нормалары, азаматтық құқық теориясының қазіргі заманғы мәселелері туралы білімді қалыптастыру, сондай-ақ азаматтық заңнама шеңберінде теориялық тұжырымдамалар мен сот тәжірибесін талдау, жинақтау, салыстыру дағдыларын тұжырымдау мақсатында зерделенеді.	5	+					+	+				
	Халықаралық жеке құқықтың өзекті мәселелері	Шетелдік элементпен жеке-құқықтық қатынастар, халықаралық шарттар және ХЖҚ-тағы әдеттегі нормалар туралы білімді қалыптастыру, сондай-ақ шетелдік элементпен қатынастарды реттеу үшін нақты коллезиялық байланыстарды қолдану дағдыларын дамыту мақсатында зерделенеді.	5	+					+	+				
D8	Ғылыми және ғылыми-техникалық қызметтің нәтижелерін коммерциализациялау	Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландырудың құқықтық негіздері. Зияткерлік меншікті қорғаудың құқықтық механизмдері. Стартап-компания үшін заңды тұлғаның оңтайлы ұйымдық-құқықтық нысанын анықтау, құру. Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру технологиясы. Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобасын бизнес-жоспарлаудың мазмұны мен мақсаттары.	5	+				+				+		
	Интеллектуалдық меншік құқығы: теория және тәжірибе	Қазақстан Республикасында интеллектуалдық меншікті реттеудің құқықтық тетігінің негіздері туралы білімді қалыптастыру, сондай-ақ интеллектуалдық меншік объектілерін сақтау мен қорғаудың құқықтық мәселелерін шешу кезінде зияткерлік меншік бойынша заңнаманы қолдану дағдыларын қалыптастыру мақсатында зерделенеді.	5	+				+				+		
Бейіндік пәндер циклы/ЖОО компоненті														
D9	Жеке құқықтық қатынастар субъектілері арасындағы	Кәсіпкерлік қызметтегі азаматтық-құқықтық даулар бойынша татуластыру рәсімдері туралы білімді қалыптастыру, теория мен тәжірибенің мәселелік жақтарын анықтау, сонымен қатар, азаматтық	4				+						+	+

	татуластыру рәсімдері	құқықтарды қорғаудың баламалы тәсілдерін реттейтін нормаларды қолдану дағдыларын қалыптастыру мақсатында зерделенеді.																
D10	Қазақстан Республикасындағы отбасылық құқықтың даму тенденциялары	Қоғамдық қатынастарды отбасылық-құқықтық реттеудің ерекшеліктері, отбасылық құқықтық қатынастардың мәнін және оның элементтерін түсіндірудің тұжырымдамалық көзқарастары, отбасылық құқықтардың мазмұны, оларды іске асыру және қорғау тәртібі, отбасы құқығы бойынша жауапкершілік түрлері туралы теориялық білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады.	5			+					+	+						
D11	Азаматтық істердің жекелеген санаттарын қараудың ерекшеліктері	Әр түрлі салалар мен құқықтың қосалқы секторлары теориясының ережелерін талдауға негізделген азаматтық істердің жекелеген санаттарын қарау рәсімдерінің ерекшеліктері туралы білімді қалыптастыру, сондай-ақ азаматтық, тұрғын үй, отбасы, мұрагерлік, еңбек, әкімшілік, жер, экологиялық және басқа заңнамаларының нормаларын қолдану дағдыларын дамыту мақсатында зерттеледі.	5			+											+	+
Бейіндік пәндер циклы Таңдау бойынша компонент																		
D12	Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік құқықтың даму тенденциялары	Кәсіпкерлік қызмет туралы заңнаманың қазіргі жай-күйі мен даму болашағы, тиісті саладағы құқықтық реттеу мен құқық қолдану тәжірибесінің негізгі мәселелері туралы білімді қалыптастыру, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметті қамтамасыз ететін азаматтық-құқықтық құжаттармен жұмыс істеу бойынша дағдыларды тұжырымдау мақсатында зерделенеді.	4			+					+	+						
	Қазақстан Республикасының көлік құқығы	Көлік құқығының теориялық ұғымдары, пәні мен әдісі, көлік құқығының қайнар көздері, оның қағидалары мен жүйесі, көлікті басқару органдары туралы білімді қалыптастыру, сондай-ақ жүктерді, жолаушыларды, теңдеме жүкті тасымалдау шарттарының түрлерін талдау, жинақтау және салыстыру дағдыларын дамыту мақсатында				+					+	+						

		оқытылады.												
D13	Шарттық құқықтың өзекті мәселелері	Азаматтық-құқықтық шарттар жасасу тәртібі туралы білімді, азаматтық-құқықтық шарттар мазмұнының мәселелері және олардың орындалуын қамтамасыз ету, азаматтық-құқықтық шарттарды өзгерту және тоқтату, сондай-ақ шарт бостандығын теріс пайдалану және шарттың жарамсыздығы мәселелері бойынша азаматтық-құқықтық шарттарға сараптама жүргізу дағдыларын қалыптастыру мақсатында зерделенеді.	5			+				+	+			
	Қазақстан Республикасының отбасы заңнамасы бойынша баланың құқықтары: теория және тәжірибе мәселелері	Отбасы заңнамасын ғылыми талдаумен және оны қолдану тәжірибесімен ұштасатын, Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша баланың құқықтарын құқықтық реттеу саласында теориялық білімді қалыптастыру, сондай-ақ баланың құқықтарын қорғау стратегиясын жүзеге асыруға байланысты дағдыларды тұжырымдау мақсатында зерделенеді.				+				+	+			
D14	Жосықсыз бәсекелестікке қарсы күрестің құқықтық мәселелері	Бәсекелестік туралы заңнама, бәсекелестікті қорғау жөніндегі қызметтің барлық аспектілері, құқық жүйесіндегі бәсекелестік құқықтың орны, бәсекелестік туралы Заңнаманы бұзу түрлері туралы терең білімді қалыптастыру, сондай-ақ бәсекелестік және бәсекелестік заңнамасын бұзғаны үшін санкциялар мәселелері бойынша заңдық көмек беру дағдыларын қалыптастыру мақсатында зерделенеді.	5	+						+	+			
	Қазақстан Республикасындағы инвестициялық қызметті құқықтық реттеу	Инвестициялық қызмет саласындағы шарттық қатынастар, инвестициялық қызмет түрлерінің ерекшеліктері, жер қойнауын пайдалану, бағалы қағаздар нарығы, құрылыс, қаржы қызметі, көлік және т.б. туралы білімді қалыптастыру, сондай-ақ инновациялық жобаларды қоса алғанда, барлық қызмет процестерін заңдық қамтамасыз ету дағдыларын дамыту мақсатында зерттеледі.		+						+	+			
D15	Корпоративтік құқықтың өзекті	Қазақстан Республикасындағы заңды тұлғалар қызметінің ұйымдастырушылық негіздері,	5	+						+	+			

	мәселелері	шаруашылық жүргізуші субъектінің қызметін реттейтін құрылтай және жергілікті құжаттар туралы білімді қалыптастыру, сондай-ақ кәсіпорындағы шарттық және талап қою жұмысын талдау, қорыту, бизнестегі қызмет жобаларын басқару дағдыларын қалыптастыру мақсатында зерделенеді.												
	Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін құқықтық реттеу	Кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу барысында және ұйымдық-құқықтық қатынастар шеңберінде азаматтық-құқықтық мәмілелер негізінде шаруашылық жүргізуші субъектілер арасында туындайтын мәселелер бойынша тәжірибелік білімді қалыптастыру, сондай-ақ шаруашылық қызмет саласындағы азаматтық-құқықтық шарттарға сараптама жүргізу дағдыларын қалыптастыру мақсатында зерделенеді.							+	+				
D16	Қазақстан Республикасында кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау	Кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу және бизнесті қорғаудың құқықтық тетіктері саласындағы теория мен тәжірибенің өзекті мәселелері туралы білімді қалыптастыру, сонымен қатар, ғылыми-зерттеу және құқық қолдану қызметі саласында дағдыларды тұжырымдау мақсатында зерделенеді.	6			+				+	+			
	Қазақстан Республикасында тұтынушылардың құқықтарын қамтамасыз ету	Тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы қатынастар туралы білімді қалыптастыру, сондай – ақ тұтынушының құқықтық мәртебесін-оның заңмен берілген негізгі құқықтарын талдау, түйіндеу, салыстыру, тұтынушылардың құқықтарын қорғауды реттейтін құқықтық актілер топтамасын қарау және әзірлеу дағдыларын қалыптастыру мақсатында зерделенеді.				+				+	+			
D17	Азаматтық-құқықтық пәндерді оқыту әдістемесі	Бұл пән білім алушыларда азаматтық-құқықтық пәндер саласында іргелі білімді қалыптастыру, азаматтық-құқықтық пәндерді оқыту әдістемесін, оның мамандарды даярлау жүйесіндегі рөлін, сондай-ақ азаматтық-құқықтық және іс жүргізу құжаттарын жасау және олармен жұмыс істеу дағдыларын, құқықтық мәселелер бойынша кеңес беру және т.б.	4							+	+			

		мақсатында зерделенеді.																	
	Жеке құқықты оқыту әдістемес	Бұл пән білім алушыларда негізгі цивилистикалық ұғымдар мен конструкциялар, оларды практикалық қолдану тәсілдері мен нысандары туралы білімді қалыптастыру, жеке құқықты оқыту әдістемесін, оның мамандарды даярлау жүйесіндегі рөлін түсіндіру мақсатында зерделенеді.																	
D18	Зерттеу практикасы	Білім алушылардың ғылыми-зерттеу дайындығына тікелей бағытталған білімді қалыптастыруға бағытталған, әрі теориялық, зерттеу, әдістемелік және тәжірибелік дағдыларды қалыптастыруға бағытталған, магистранттарға алған теориялық және әдістемелік білімдерін тәжірибеде өз бетінше сынауға мүмкіндік береді.	14			+		+	+										
D19	Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (МҒЗЖ)	МҒЗЖ өз бетінше ғылыми-зерттеу жұмысы ретінде жүргізу үшін қажетті мәдени және кәсіби құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған, оның нәтижесі магистрлік диссертацияны жазу және сәтті қорғау болып табылады. МҒЗЖ жазу кәсіби өзін-өзі жетілдіруге, шығармашылық әлеуетті дамытуға, ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау дағдыларының бар екендігін куәландырады.	24		+		+		+										
D20	Қорытынды аттестаттау	Білім алушылардың тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын меңгеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім. Қорытынды аттестаттау тиісті мамандықты игеру процесінде алған білімін, іскерлігін, дағдылары мен құзыреттерін тексеруге бағытталған.	8		+		+				+								

20. Модуль шеңберінде оқыту және бағалау әдістерімен жоспарланған оқыту нәтижелерін келісу

Оқыту нәтижелері	Модуль бойынша жоспарланған оқыту нәтижелері	Оқыту әдістері	Бағалау әдістері
ОН1	Даулы жағдайда ақыл-ой мен шығармашылық ойлауын көрсетеді, топ мүшелерімен ынтымақтастық орнатады, клиентке бағытталған іскерлікке, байланысқа бейімді болады.	пікірталас	тест
ОН2	Кәсіби және ғылыми қызмет саласында шет тілін білуін көрсетеді, жоғары белгісіздік және міндеттер жағдайларын жылдам өзгерту режиміндегі жұмысты көрсетеді.	интерактивті дәріс	коллоквиум
ОН3	Жүйелі ойлау арқылы мәселелерді анықтайды және оларды шешудің жолдарын табады, тұтынушылардың сұраныстарымен жұмыс жасауда дауларды шешудің нұсқаларын түсіндіреді және ұсынады.	пікірталас	тест
ОН4	Білім берудің әртүрлі деңгейлеріндегі білім беру процесінің ерекшеліктерін анықтайды, педагогиканың өзекті бағыттары бойынша жаңа ғылыми жобалардың құрылымы мен мазмұнын әзірлейді, замануи қоғамның даму тенденцияларын талдау үшін әртүрлі философиялық әдістерді таңдайды.	пікірталас	тест
ОН5	Деректерді, ақпаратты және сандық контентті талдайды, түсіндіреді және сыни бағалайды.	интерактивті дәріс	портфолио
ОН6	Жеке құқық саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу кезінде цивилистика ғылымының негіздері және құқық қолдану тәжірибесінің мәселелері туралы теориялық білімді қолданады.	интерактивті дәріс	эссе жазу
ОН7	Әр түрлі теориялық тұжырымдамаларды, нормативтік-құқықтық актілерді, жеке құқық саласындағы сот тәжірибесін талдайды, жинайды, салыстырады және қорытынды жасайды.	кейс-әдістер	эссе жазу
ОН8	Азаматтық-құқықтық шарттарға сараптама әзірлейді және жүргізеді, азаматтық-құқықтық қатынастар саласындағы құқықтық мәселелер бойынша кәсіби кеңес береді, нақты азаматтық істер бойынша ауызша және жазбаша білікті заң қорытындылар мен кеңестер береді.	кейс-әдістер	Заң құжаттарының жобасын дайындау (шарттар, талап-арыздар, талап-арыздар, шағымдар)
ОН9	Авторлық құқықты, патенттік құқықты қорғау саласында интеллектуалдық меншік саласындағы теориялық білімді қолданады және ғылыми қызмет нәтижелерін ойдағыдай коммерциаландырады.	интерактивті дәріс	коллоквиум

ОН10	Азаматтық сот ісін жүргізуде азаматтық істердің жекелеген санаттарын қарау кезінде материалдық және іс жүргізу құқығының нормаларын білікті қолданады, татуластыру рәсімдері арқылы тараптардың татуласуын ұсынады.	кейс-әдістер	Заң құжаттарының жобасын дайындау (шағымдар, талап-арыздар, соттың шешімі мен ұйғарымы)
ОН11	Нақты құқықтық нормаларды іске асыру процесінде құқықтық нормалардың мәнін кәсіби түрде түсіндіреді, оқу сабақтарын өткізеді, ғылыми қызметті жүзеге асыру процесінде құқықтық нормаларға түсінік береді, ғылыми таным нәтижелерін қорытындылайды.	кейс-әдістер	Заң құжаттарының жобасын дайындау (татуласу келісімі, дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісім, дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім).

21. Оқу нәтижелерінің қолжетімділігін бағалау критерийлері

ОН кодтары	Критерийлер
<p>ОН1- Даулы жағдайда ақыл-ой мен шығармашылық ойлауын көрсетеді, топ мүшелерімен ынтымақтастық орнатады, клиентке бағытталған іскерлікке, байланысқа бейімді болады.</p>	<p>Біледі: қақтығыс жағдайларында ойлау креативтілігін көрсетудің әдістері мен тәсілдерін, команда мүшелерімен ынтымақтастық орнату қабілеттілігін</p>
	<p>Істей алады: топ мүшелерімен ынтымақтастық орната алады, байланыс орнат алады, клиенттің қажеттіліктерін есепке алады</p>
	<p>Меңгерген: қақтығыс жағдайларында ойлау креативтілігін көрсету әдістерін, команда мүшелерімен ынтымақтастық орнату, басқа адамдармен сындарлы және өзара байытатын қарым-қатынас орнату дағдылары</p>
<p>ОН-2 - Кәсіби және ғылыми қызмет саласында шет тілін білуін көрсетеді, жоғары белгісіздік және міндеттер жағдайларын жылдам өзгерту режиміндегі жұмысты көрсетеді.</p>	<p>Біледі: жоғары белгісіздік және міндеттер шарттарының жылдам өзгеруі режимінде жұмыс істеу әдістері мен тәсілдерін, кәсіби және ғылыми қызмет саласында еркін коммуникация үшін шет тілін біледі</p>
	<p>Істей алады: кәсіби және ғылыми қызмет саласында шет тілінде жазбаша және ауызша түрде өз ойын еркін және дәлелді түрде білдіре алады, жоғары белгісіздік және міндеттер жағдайының тез өзгеруі режимінде жұмыс істей алады</p>
	<p>Меңгерген: жалпы ғылыми терминологияны, жеке құқық саласындағы терминологияны және құқықтық Халықаралық ынтымақтастық шеңберінде іскерлік хат алмасу негіздерін меңгерген</p>
<p>ОН3- Жүйелі ойлау арқылы мәселелерді анықтайды және оларды шешудің жолдарын табады, тұтынушылардың сұраныстарымен жұмыс жасауда дауларды шешудің нұсқаларын түсіндіреді және ұсынады</p>	<p>Біледі: міселелерді анықтау тәсілдері, әдістері мен тәсілдері және оларды жүйелі ойлау арқылы шешу жолдарын іздеу, тұтынушылардың сұрауларымен жұмыс істеу кезінде дауларды шешудің жолдарын түсіндіреді және ұсынады</p>
	<p>Істей алады: Мәселелерді анықтай алады және оларды жүйелі ойлау арқылы шешу жолдарын таба алады, тұтынушылардың сұраныстарымен жұмыс істеу кезінде дауларды шешу нұсқаларын түсіндіре және ұсына алады</p>
	<p>Меңгерген: проблемаларды анықтау және оларды шешу жолдарын табу, тұтынушылардың сұраныстарымен жұмыс кезінде дауларды шешу үшін жүйелі ойлауды қолдану дағдылары</p>
<p>ОН4- Білім берудің әртүрлі деңгейлеріндегі білім беру процесінің ерекшеліктерін анықтайды, педагогиканың өзекті бағыттары бойынша жаңа ғылыми жобалардың құрылымы мен мазмұнын әзірлейді, замануи қоғамның даму тенденцияларын талдау үшін әртүрлі философиялық әдістерді</p>	<p>Біледі: философияның негізгі бағыттары, мәселелері, теориялары мен әдістері, қоғамдық даму мәселелері бойынша заманауи философиялық пікірталастардың мазмұнын; теориялық ғылыми негізделген әдістер мен бағдарламаларды және т. б.</p>
	<p>Істей алады: тұлғаны дамыту үшін білім беруде инновациялық әдістерді қолдану; білім беру мекемесінің сапа менеджментінің, оның мониторингі мен ұйымды басқарудың, оның ішінде АКТ пайдалана отырып, тиімді жүйелерін жобалауды.</p>

таңдайды.	
ОН5- Деректерді, ақпаратты және сандық контентті талдайды, түсіндіреді және сыни бағалайды..	Біледі: деректерді, ақпаратты және сандық мазмұнды талдау, түсіндіру және сыни бағалау әдістері мен әдістерін Істей алады: Әртүрлі көздерден алынған сандық ақпаратты талдай және өңдей алады
ОН6- Жеке құқық саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу кезінде цивилистика ғылымының негіздері және құқық қолдану тәжірибесінің мәселелері туралы теориялық білімді қолданады.	Біледі: Жеке құқық теориясының негіздерін, жеке құқық саласындағы ғылыми зерттеулердің негізгі бағыттарын, заң ғылымындағы зерттеулердің перспективалық бағыттарын, құқық саласындағы ғылыми зерттеудің негізгі ідістерін Істей алады: жеке құқық саласында ғылыми зерттеулерді жоспарлай, ұйымдастыра, жүргізе және ғылыми-құқықтық материалдармен жұмыс жүргізе алады Меңгерген: жеке құқық саласында жеке әдістер деңгейінде ғылыми зерттеулер жүргізу, құқықтық зерттеулерде ғылыми әдістерді қолдану дағдыларын меңгереді
ОН7- Әр түрлі теориялық тұжырымдамаларды, нормативтік-құқықтық актілерді, жеке құқық саласындағы сот тәжірибесін талдайды, жинайды, салыстырады және қорытынды жасайды.	Біледі: жеке құқық саласындағы әртүрлі теориялық тұжырымдамаларды, нормативтік-құқықтық актілерді, сот тәжірибесін талдау, қорыту және салыстыру тәсілдерін Істей алады: жеке құқық саласындағы әртүрлі теориялық тұжырымдамалар, Нормативтік-құқықтық актілер, сот практикасы бойынша білікті түрде талдау, жинақтау, салыстыра және қорытынды жасай алады
ОН8- Азаматтық-құқықтық шарттарға сараптама әзірлейді және жүргізеді, азаматтық-құқықтық қатынастар саласындағы құқықтық мәселелер бойынша кәсіби кеңес береді, нақты азаматтық істер бойынша ауызша және жазбаша білікті заң қорытындылар мен кеңестер береді.	Біледі: азаматтық-құқықтық қатынастар саласындағы құқықтық мәселелер бойынша кәсіби кеңес берудің, азаматтық-құқықтық шарттар жобаларын азақ сараптамасын жүргізудің тәсілдерін, әдістері мен тәсілдерін біледі Меңгерген: азаматтық-құқықтық шарттарға заң сараптамасын жүргу, құқықтық мәселелер бойынша кәсіби кеңес беру дағдылары
ОН9- Авторлық құқықты, патенттік құқықты қорғау саласында интеллектуалдық меншік саласындағы теориялық білімді қолданады және ғылыми қызмет нәтижелерін ойдағыдай коммерциаландырады.	Біледі: авторлық құқықты, патенттік құқықты қорғау саласындағы интеллектуалдық меншік саласындағы қолданыстағы заңнаманың ережелерін, интеллектуалдық меншіктің дәстүрлі емес объектілерін Біледі: авторлық құқықты, патенттік құқықты қорғау саласында интеллектуалдық меншік саласындағы заңнаманың ережелерін қолдануда ұғымдық аппаратты қолдана алады Меңгерген: авторлық құқық, патенттік құқық субъектілерінің құқықтарын қорғау және қорғау дағдыларын, ғылыми қызмет нәтижелерін ойдағыдай коммерцияландыру дағдылары
ОН10- Азаматтық сот ісін жүргізуде азаматтық істердің жекелеген санаттарын қарау кезінде материалдық және іс жүргізу құқығының нормаларын білікті қолданады, татуластыру	Біледі: материалдық және іс жүргізу құқығының нормативтік құқықтық актілерінің белгілерін, азаматтық сот ісін жүргізуде азаматтық істердің жекелеген санаттарын қарау кезінде құқық нормасын іске асыру үшін заңдық маңызы бар фактілер мен мән-жайлардың мәнін, тараптарды татуластыру мақсатында татуластыру рәсімдерін жүргізу

<p>рәсімдері арқылы тараптардың татуласуын ұсынады.</p>	<p>тәсілдерін, әдістерін</p> <p>Істей алады: құқыққолдану заңдылықтарын түсіну үшін алған білімдерін қолдана алады, азаматтық сот ісін жүргізуде азаматтық істердің жекелеген санаттарын қарау кезінде заңдық мәні бар нақты деректер мен мән-жайларды анықтай алады; азаматтық сот ісін жүргізуде азаматтық істердің жекелеген санаттарын қарау кезінде қолдануға жататын құқық нормаларын анықтай алады; материалдық және процессуалдық нормалардың аражігін ажырата алады; құқықтық нормалардың мәні мен мазмұнын түсіне алады</p> <p>Меңгерген: Құқық нормаларын өз бетінше өзгерту және қолдану әдістемесін; азаматтық істердің жекелеген санаттарын азаматтық сот ісін жүргізуде қарау кезінде материалдық және процестік құқық нормаларын дұрыс қолдану тәжірибесін; азаматтық істердің жекелеген санаттарын азаматтық сот ісін жүргізуде қарау кезінде, сондай-ақ тараптарды татуластыру мақсатында татуластыру рәсімдерін жүргізу кезінде материалдық және процестік құқық нормаларын іске асырудың әртүрлі нысандарын пайдалану тәсілдерін меңгерген.</p>
<p>ОН11- Нақты құқықтық нормаларды іске асыру процесінде құқықтық нормалардың мәнін кәсіби түрде түсіндіреді, оқу сабақтарын өткізеді, ғылыми қызметті жүзеге асыру процесінде құқықтық нормаларға түсінік береді, ғылыми таным нәтижелерін қорытындылайды.</p>	<p>Біледі:нақты құқықтық нормаларды іске асыру процесін, оқу сабақтарын өткізу, ғылыми қызметті жүзеге асыру процесінде құқықтық нормаларды атап көрсетеді және түсіндіреді, ғылыми таным нәтижелерін қорытады.</p> <p>Істей алады:білім алушы ұсынған міндеттерді дұрыс тұжырымдай алады және оларды шешудің мүмкін жолдарын белгілей алады</p> <p>Меңгерген: қойылған міндеттерді шешуге стандартты емес тәсілдер мен ұсыныстардың пайда болуын қамтамасыз ете отырып, білім алушыларда ойлау процесін қарқындатуға ықпал ететін педагогикалық тәсілдер дағдылары</p>

22. «7M04205 – Жеке құқық» БББ білім беру бағдарламасы түлегінің моделі:

Түлектің атрибуттары:
Жеке – құқықтық қатынастарды құқықтық реттеу саласындағы жоғары кәсібилік
Эмоционалды интеллект
Жаһандық қауіп-қатерлерге бейімділігі
Көшбасшылық
Жаһандық азаматтылық
Академиялық адалдық қағидалары мен мәдениетінің маңызын түсіну

	Құзыреттілік түрлері	Құзыреттердің сипаттамасы
1.	Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер (Softskills)	<p>Өз бетінше жұмыс істей алады, сондай-ақ команданың барлық қатысушыларымен тиімді өзара іс-қимыл жасай алады. Жеке, топтық және корпоративтік мақсаттарды түсінеді және жетілдіре алады. Эмоцияларды түсінуге және табысты көрсетуге қабілетті, ортақтасу сезімі бар.</p> <p>Өз ойларын шет тілінде дәйекті және сауатты тұжырымдайды және айтады, ғылыми мәтіндермен және көпшілік алдында сөйлеу үшін шет тілінде ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын меңгерген.</p> <p>Әр түрлі көздерден ақпаратты біріктіре алады, оны дұрыс түсіндіре алады және маңызды шешімдерді тез қабылдай алады, жұмыс жағдайларының өзгеруіне жауап бере алады, ресурстарды тиімді бөле алады және уақытын басқара алады.</p> <p>Себеп-салдарлық байланыстарды орнатуға, жағдайларды талдауға, қарама-қайшылықтарды анықтауға, туындаған мәселелерді шешуге, қорытынды жасауға және олардың негізінде ықтимал салдарларды болжауға қабілетті.</p>
2.	Сандық құзыреттіліктер (Digitalskills)	<p>Отандық және шетелдік анықтамалық құқықтық жүйелерден алынған ақпаратты талдай және өңдей алады («Әділет», «Параграф», «ҚР Сот кабинеті», «Stat.gov.kz»).</p> <p>Ақпараттың үлкен көлемін талдай және өңдей алады (Bigdata)</p>
3.	Кәсіби Құзыреттіліктер (Hardskills)	Жеке құқық теориясының классикалық, қазіргі заманғы ілімдері мен мәселелерін, оның ішінде жеке құқықтың басқа институттарымен, әртүрлі мемлекеттердің ұлттық құқықтық жүйелерімен өзара іс-қимыл тұрғысынан түсіндіруге, талдауға қабілетті.

		<p>Азаматтық-құқықтық шарттардың шартты орындау процесінде туындайтын тәуекелдерді көрсете отырып, шарт жобасының қолданыстағы заңнамаға сәйкестігіне сараптама жүргізуге қабілетті, кәсіпкерлік құқық, азаматтық іс жүргізу құқығы, еңбек құқығы, отбасы құқығы, халықаралық жеке құқық саласындағы қолданыстағы заңнамаға сүйене отырып білікті кеңес бере алады.</p>
		<p>Интеллектуалдық шығармашылық қызметтің нәтижелерін кәсіби түрде коммерциализациялай алады.</p>
		<p>Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында сот тәртібімен тиімді қорғауды қамтамасыз етуге қабілетті.</p>
		<p>Тараптар арасындағы азаматтық-құқықтық дауларды шешудің баламалы тәсілдерімен тиімді қорғауды қамтамасыз етуге, жеке-құқықтық қатынастар субъектілері арасында татуластыру рәсімдерін жүргізуге қабілетті.</p>

Құрастырғандар:

Жұмыс тобының мүшелері:

Азаматтық және еңбек құқықтары кафедрасының профессоры, з.ғ.к.,

 Г.А. Ильясова


Азаматтық және еңбек құқықтары кафедрасының қауымдастырылған профессоры, PhD

 М.Т. Акимжанова

Қарағанды облысы Кәсіпкерлер палатасының кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау және әкімшілік кедергілерді төмендету бөлімінің бастығы

 А.К. Даненбаев

М2-ЖҚ-22-1К тобының магистранты

 Л. Сыздықова

Ескерту:

Білім беру бағдарламасы факультет Кеңесі отырысында қарастырылды «26» 04 2024 ж. Хаттама № 12

Білім беру бағдарламасы университеттің Академиялық Кеңесі отырысында қарастырылды

«28» 04 2024 ж. Хаттама № 5




Білім беру бағдарламасы университеттің Басқарма отырысында қарастырылды және бекітілді

«24» 05 2024 ж. Хаттама № 8

Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер бойынша проректор

Академиялық жұмыс департаментінің

Факультет деканы

 М.М. Умуркулова
 Т.М. Хасенова
 А.М. Серикбаев

7M04205 - «Жеке құқық» білім беру бағдарламасын дамыту жоспары

Жоспардың мақсаты – еңбек нарығының өзекті талаптары мен қазіргі заманғы ғылымның жетістіктерін ескере отырып, білім беру бағдарламасын іске асыру жағдайларының сапасын арттыруға жәрдемдесу.

Мақсатты индикаторлар

№	Индикаторлар	Өлшем бірл.	2024-2025 (жоспар)	2025-2026 (жоспар)	2026-2027 (жоспар)	2027-2028 (жоспар)
1	Кадрлық потенциалды дамыту					
1.1	Ғылыми дәрежесі бар оқытушылар санының өсуі	Адам саны	+2	+1	+1	+1
1.2	Оқыту бейіні бойынша біліктілікті арттыру	Адам саны	+5	+5	+5	+5
1.3	Оқытуға практик-мамандарды тарту	Адам саны	+1	+1	+2	+1
1.4	Басқа	Адам саны				
2	Рейтингтердегі БББ жылжыту					
2.1	НАОКО	Позициясы		+		
2.2	НААР	Позициясы			+	
2.3	Атамекен	Позициясы		+		
3.	Оқу және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, электрондық ресурстарды әзірлеу					
3.1	Оқулықтар	Саны	-	-	+1	+
3.2	Оқу құралдары	Саны	+1	+1	+1	+2
3.3	Әдістемелік ұсынымдар / нұсқау	Саны	+1	+1	+1	+1
3.4	Электронды оқулық	Саны	+1	+1	+1	+2
3.5	Видео/аудиодәріс	Саны	+2	+4	+4	+5
3.6	Басқа	Саны				
4.	Оқу және зертханалық базаны дамыту	Саны				
4.1	Бағдарламалық өнімдерді сатып алу	Саны	-	-	-	
4.2	Жабдықтарды сатып алу	Саны	-	-	-	
4.3	Басқа	Саны				
5.	БББ мазмұнын өзектендіру					
5.1	Еңбек нарығының талаптарын, ғылым жетістіктерін, кәсіптік стандарттарды ескере отырып, оқыту нәтижелерін және пәндер	Жыл	-	+	-	

	тізбесін жаңарту					
5.2	БББ-на шет тілдеріндегі оқу пәндерін енгізу	Жыл	-	+	-	
5.3	Оқытудың жаңа әдістерін енгізу	Жыл	+	-	+	
5.4	ББ базасында бірлескен / екі дипломды бағдарламаны ашу	Жыл	-	-	-	
5.5	Басқа	Жыл				

Азаматтық және еңбек құқығы кафедрасы меңгерушісінің м.а



М.Т.Акимжанова